

№	Жазылуы	Дыбысталуы	№	Жазылуы	Дыбысталуы
1	A a	[a]	17	Ñ ñ	[ɲ]
2	Á á	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	Ó ó	[e]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[k]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[r]	23	S s	[c]
8	Ĝ ĝ	[ɣ]	24	T t	[t]
9	H h	[x], [h]	25	U u	[ʏ]
10	I i	[i]	26	Ú ú	[y]
11	I ı	[ɨ], [ɯ]	27	V v	[b]
12	J j	[ʒ]	28	Y y	[ɣ]
13	K k	[k]	29	Ý ý	[y]
14	L l	[l]	30	Z z	[z]
15	M m	[m]	31	Sh sh	[ʃ]
16	N n	[n]	32	Ch ch	[tʃ]

Адамға ағза ауыстырған қандай күрделі болса,- мемлекет үшін тіл ауыстыру процесі де онай шаруа- емес. Оркениетке ілесу үшін бір арнаға тоғыс-тырып, кезен-кезенімен жүзеге асыруды жүктеген ел президенті бұған дейін латын графикасына негізделген қазақ тілінің нұсқасы туралы өз пікірін білдіріп келген еді. Ә дегеннен тілдің жазылуы мен айтылуы түргысынан- талқыға түскен нұсқалар көпшіліктің көңілінен шыққан жоқ.

Алғашқы диграфтық нұсқада «Ә» – «ae», «О»-«oe», «Ү» – «ue» әріптерінің қолданылуы қолайсыздық тудыратыны айтылып, қоғам оны қабылдауға қарсылық танытты. Іле-шала ізін суытпай «мандай-ы жар-қыраған» тағы бір нұсқа «өмірге келді». Жүрт тағы да «шекесі-нен» мін тауып, апострофты әріптердің жазуға қолайсыз, кей әріптері сөздің түпкі мағынасын түбегейлі «тонкеріп» тастайды деп даурықты.

Бір қызығы, еліміздің кей бұқаралық ақпарат- құралдары мен әлеуметтік желі қолданушы-лары әр ұсынылған латын қарпі-нің негізінде мақала жазып, жеке паракша ашып үлгерді. Алайда көп ұзамай ескі тақия-ла-рын- қайта қиюға мәжбүр болды. Асатпай жатып құлдық ұрудан нәтиже- шықпай-тынын ұқса керек-ті. Тіпті әріптің бір шекесіне- «нұқып» қорсететін дәйекше белгісін қолдап, қорғаушылардың қатарының артқанына да көзіміз үйреніп қалды.

- Осы түста басын ашып алатын және бір түйткіл бар. Ол ағылшын тілінің Word форматты компьютер клавиатураларындағы апострофка (') катысты. Себебі апострофты диакритикалық белгі деуге мүлде болмайды, өйткені ол – ағылшын тіліндегі тәуелдік жалға-уының немесе кейбір создер-дін қысқарып калатын әріпте-рінің орнына қолданылатын, сондай-ақ клавиатура бетінде қолжетімді жерде жеке орна-ласқан толыққанды таңба. Сондықтан да бұл таңбаны 1928 жылы қазақтың түнғыш дипломаты Нәзір Төреқұлов өзі ұсынған қазақ/латын әліп-биінің нұсқасында жуан дауыс-ты а, о, v дыбыстарының жініш-ке сынарлары ретінде, яғни ө, о, v болып дыбысталуын қамтамасыз ететін ен ыңғайлы тетік ретінде қолданған болатын, - деп пікір білдірген Ресей- және Қазақстан Халықаралық жоғары мектеп ғылым академияларының академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Әділ Ахметов «Егемен Қазақстан» газетіне берген «Латын графикасы мен ағылшын тілінің әлем орқениетіндегі орны» мақаласында.

Осындай қорғап-қолдаудың нәтижесінде «Латын әліпбиіне қошу – заман талабы» ұранымен әйгілі бола бастаған алфавиттің тағдыры бір-ақ күнде өзгеріп шыға келді. Құдды үйінен бір қадам аттамай, алып қашудың құрбаны болған қыздың тағдыры секілді. Қазақ тіліне тән әріптердің (Ә – А', Г – G', И, Й – I', Н – N', О – O', Ш – S', Ч – C', Ү – U', Ү – Y') дәйекшемен берілуі туралы пікір білдірген Сенат торағасы Қасым-Жомарт Тоқаев тың жаналықтың боларын біліп айтқ-андығы белгілі болды. «Твиттер» әлеуметтік желісіндегі паракшасына қазақ тілінің латын графикасындағы апострофты нұсқасына катысты «Үлттық комиссия қазақ тілінің латын әліпбиі бойынша нақты шешімге келген жоқ, сондықтан «апостроф» әліпбиін газеттерде, я басқа жерлерде пайдалануға әлі ерте», - деп өз пікірін жазған еді ол.

Қызығы сол, кезінде сол диграфты қолдап, дәйекшені тобесіне қотеріп жүрген қауым жанадан бекітілген түрік әліпбиіне үксас акутты нұсқаны да қолдауға өзін екендіктер-ін тағы қорсетті. Пікір тоқтамы мен пайымын қай арнаға бұрсан да, бұрыла беретін қопшіліктің иіл-гіш-тік қасиет-тінің иісі «анқып» кетті.

Сиясы кеппеген нұсқада тол дыбыстарымыздың қак тобесіне таңба қойылу ар-қылы жазылады.

Ақордаға сілтеме жасап «Мемлекет басшысы латын негізіндегі қазақ әліпбиінің жана нұсқасын бекітті» деп шулаған БАҚ-тың ақпаратынан жұрт антарылып қалды. Белгілі журналист Арман Скабылұлы жеке әлеуметтік паракшасында «Өсіре «ребрендингшілер» әліптін артын бақпай, әріппен ойнайтындар енді не дер екен? Қайран қаржы...» деп өз

пікі-рін білдіріпті.

Сонымен жана ақутты нуска кабылданды. Кім ұсынды, қандай дәлелдерге сүйенді деген секілді мәліметтің мұрты ке-сілген. Дегенмен, сонғы түйе-нін жүгі ауыр...

Н.ЕРСЕЙТПЕНБЕТ